

2015 жылғы желтоқсандағы валюта нарығындағы ахуал туралы ақпараттық хабар

2015 жылғы 15 желтоқсан

Теңгенің айырбастау бағамы негізінен әлемдік қаржы, тауар нарықтарындағы баға ахуалының серпінімен және ішкі нарықтағы шетел валютасына деген сұраныспен айқындалатын факторлардың әсерімен қалыптасады.

Мұнай бағасының 2014-2015 жылдары төмендеуі төлем балансының және, тиісінше, ішкі валюта нарығындағы баланстың айтарлықтай нашарлауына әкеп соқты. 2015 жылғы желтоқсанның басынан бері Brent маркалы мұнай бағасының бір баррель үшін 44,4 доллардан 37,8 долларға дейін немесе 15%-ға құлдырауы айырбастау бағамына қосымша қысымның түсуіне әкелді.

Ұлттық Банк теңге бағамының қысқамерзімді ауытқуын реттеу мақсатында ішкі валюта нарығына қатысады, бірақ бұл ретте шетел валютасына деген сұраныс пен ұсыныстың арақатынасын айқындайтын іргелі факторлардың әсеріне кедергі келтірмейді.